



## Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №115303/2025/1

18.07.2025 жылғы

"Oil Services Company" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бас директор Макеев Ерлан Шакенович негізінде әрекет ететін Жарғы, атынан, бір жағынан, және "Дочернее общество "Буринтех Актау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор Сафин Артур Александрович атынан, негізінде қызмет ететін Жарғы, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 115303 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтердің мерзімі, сипаттамасы, Саны, көрсетілетін орны және құны Шарттың №1, 1-1, 2 қосымшаларда көрсетілген.

1.3. Осы Шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер Шарттың №2 қосымшада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

### 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 66960432.00 (алпыс алты миллион тоғыз жүз алпыс мың төрт жүз отыз екі) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Шот-фактура;

2.4.3. өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің түпнұсқасы (түпкілікті өзара есеп айырысу кезінде).

Орындаушы қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін немесе қызметтерді көрсеткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қою туралы дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, салыстыру актісіне Тапсырыс беруші жеке-дара қол қояды, ол екі тарапта қол қойды деп есептеледі.

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.7. Шот-фактура Тапсырыс берушінің электрондық шот фактуралардың ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) арқылы электрондық шот-фактура жазып берілген күннен бастап оның табыс етілген күні болып есептеледі.

2.8. Шарттың сомасы тараптардың өзара келісімі бойынша мынадай жағдайларда:

- егер ұқсас қызметтер үшін құн шартын орындау процесінде азаю жағына қарай өзгерсе, қызметтер құнын азайту бөлігінде;
- көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ қызметтер бірлігі үшін құнының өзгермеуі шартымен шартты орындау мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде өзгертілуге жатады.





2.9. Егер Тапсырыс берушіде көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті ұлғайту немесе азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші өз құқығын өзіне қалдырады:

- тараптардың келісімі бойынша шарттың талаптарын, оның ішінде шартқа өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы қызметтер көрсету көлемін ұлғайту немесе азайту бөлігінде өзгерту, бұл ретте көрсетілетін қызметтің бағасы өзгертуге жатпайды.

2.10. Тапсырыс беруші қызметтердің толық жоспарлы көлемі мен жалпы құнына өтінімдер ұсынуға кепілдік бермейді. Қызметтердің нақты құны өндірістік қажеттілік пен Тапсырыс берушінің қажеттілігі негізінде ғана айқындалатын болады, ол Орындаушы орындаған және Тапсырыс беруші қабылдаған барлық өтінімдердің сомасына тең соманы құрайтын болады (егер қызметтер өтінімдер бойынша жүзеге асырылатын болса, осы тармақ қолданылады).

### **3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары**

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, 1-1, № 2 Қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті. Қызметтер көрсету Шарттың №6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша жүзеге асырылады.

3.2. Қызметтер көрсету мерзімі: 01.01.2026 жылдан бастап 30.06.2028 жылға дейін.

3.3. Көрсетілген Қызметтер қағаз Актісіне қол қойған күні Қызметтер көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

### **4. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Көрсетілген қызметтерді көрсетілген қызметтердің актісі бойынша (Акт қағаз жеткізгіште (№4 Қосымша) нысанында ұсынылады) тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге міндетті.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.4. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

4.1.6. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.7. Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығы үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге.

4.1.8. Қызметтер көрсету үшін қажетті отандық тауарларды сатып алуға міндетті (егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде тендерге қатысуға өтінімнің құрамында ұсынылған кепілдік міндеттеме бойынша өндірілген жағдайда). Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушімен тауарларды сатып алу шарттарын келісуі тиіс.

Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау Орындаушының Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, тауар өндірушіден тауарларды сатып алу туралы шарттың, тауарларды қабылдау-беру актілерінің көшірмелеріне қол қойған күніне дейін ұсынуы болып табылады.

Орындаушы осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда босатылады.

Баға Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тауарды сатып алу туралы Шарттың





және тауар өндіруші ұсынған тауар бағасынан төмен құны тауарды қабылдау-беру актісінің көшірмесін ұсынады.

4.1.9. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің мазмұнын, сондай-ақ орындаушы шартты орындау үшін тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты ешкімге ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс.

4.1.10. Егер Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте қызметтерді уақтылы ұсынуға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі(себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге. Орындаушыдан хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауға тиіс және өз қалауы бойынша Орындаушының Шартты орындау мерзімін ұзарта алады. Мұндай жағдайда мұндай ұзартуды тараптар Шарттың мәтініне түзетулер енгізу арқылы рәсімдеуге тиіс.

4.1.11. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да бермеуге.

4.1.12. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

4.1.13. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде қызметтерде табылған барлық кемшіліктерді жоюға және/немесе Тапсырыс берушіге қызметтер көрсету процесінде табылған кемшіліктерді жою үшін өзге ұйымды тартуға байланысты барлық шығындарды өтеуге.

4.1.14. Қызмет көрсету барысын баяулататын немесе одан әрі қызмет көрсетуді мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға.

4.1.15. Тапсырыс берушімен осы Шарт бойынша бірлесіп орындаушыларды тартуды алдын ала келісу. Жұмыстарды орындауға үшінші тұлғалар тартылған жағдайда, Орындаушы үшінші тұлғалардың мердігерлік жұмыстарды орындау процесінде бақылауды дербес қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тапсырысшы алдында залалдарды толық өтей отырып, мүліктік жауаптылықта болады. Орындаушы қызметтердің жалпы көлемінің 1/4 аспайтын бірлесіп орындаушылармен шарттар жасай алады.

4.1.16. Тапсырыс берушінің аумағында және объектілерінде қызмет көрсету барысында Шарттың №5 Қосымшаға сәйкес "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ және "OSC" ЖШС өткізу және объектішілік режимі саласындағы талаптарын, денсаулықты, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғау талаптарын сақтауға міндетті.

4.1.17. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.

4.1.18. Орындаушының кінәсінен болған Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Тапсырысшыға толық өтеуге.

4.1.19. Қызмет көрсету басталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге тапсырыс берушінің аумағына рұқсаттама алу үшін автокөлік құралдарына техникалық паспорттардың, жеке куәліктің және жүргізушілердің жүргізуші куәліктерінің көшірмелері қоса берілген хат жолдауға.

4.1.20. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

4.1.21. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.22. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.1.23. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын орындаушының, сондай-ақ оның бірлесіп





орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге.

4.1.24. Тапсырыс берушіде Орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушыларының еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені туралы мәліметтер болған кезде орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушысының шарт бойынша қызметтер көрсетуге тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығын көрсете отырып, тапсырыс беруші айқындаған талап ету бойынша және мерзімдерде беруге.

4.1.25. Орындаушы тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге және төлеуге, сондай-ақ салық органына салық есептілігін дұрыс жасауға және уақтылы ұсынуға міндетті.

Орындаушы Тапсырыс берушіге салықтарды, өсімпұлдарды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, қоса есептелген төлемдер сомасын өтеуге, сондай-ақ егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі шеңберінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолданған және (немесе) тексерулер жүргізген жағдайда, осындай қосымша есептеу (бұзушылық) туралы тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге көрсетілген сомаларды төлей отырып, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ өзге де іс-шараларды қоспағанда, шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілері анықталатын болады, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылады не салықтар мен өзге де міндетті төлемдер қоса есептелетін болады.

Орындаушы қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамаған, қосылған құн салығын қайтармаған және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржы санкцияларын қоса есептемеген жағдайларға алып келген өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттер мен қызметшілердің шарты бойынша орындауға тартылған міндеттемелері үшін (әрекетсіздігі) үшін де осы тармақ бойынша жауапты болады.

4.1.26. Егер осы Шартты орындау шеңберінде тауарларды жеткізу көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.1.27. Көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ жалға берілетін құралдар мен жабдықтардың техникалық сипаттамаларға және техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін кепілдендіру;

4.1.28. Бір мезгілде 5 (бес) бұрғылау қондырғысында қызмет көрсету үшін қажетті жинақталған жабдығы болуы тиіс;

4.1.29. Тапсырыс берушінің объектісіне жабдықты әкелуді және жұмыс аяқталғаннан кейін әкетуді қамтамасыз етеді;

4.1.30. Тапсырыс берушінің объектілерінде өңдеу үшін тиісті сападағы, мөлшердегі және жиынтықтағы өнімді ұсынуы тиіс;

4.1.31. Қашауды БТТЖ-ға (бұрғылау тізбегінің төменгі жиынтығы) қосу үшін барлық қажетті аудармашыларды ұсыну;

4.1.32. Жұмыстарды орындау кезіндегі технологиялық процеске байланысты, жабдықтардың техникалық сипаттамалары сәйкес және Тапсырыс берушінің өтініміне сай ұсынуға тиіс;

4.1.33. Қисықтықты қалыптастыру және ұңғыма оқпанының тұрақтандыру учаскелерінде басқарылатын компоновкалар құрамында бұрышты жинауды қамтамасыз ететін PDC қашауларын ұсыну;

4.1.34. Ұңғыларды бұрғылау барысында кен орындарында пайдаланылатын жабдықтардан бөлек, Тапсырыс берушінің аумағындағы базаларда әрбір түрінен 2 данадан тұратын PDC қашауларының қосалқы жиынтығы болуы тиіс;

4.1.35. Тапсырыс берушінің талабы бойынша қызмет көрсету кезінде пайдалануға жоспарланған қашауларға олардың толық техникалық сипаттамасы мен параметрлері, қазақ немесе орыс тілдеріндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулығы, сәйкестік сертификаты және ҚР-да қолдануға рұқсаты болуы тиіс растайтын құжаттарды (паспорттарды) ұсыну;

4.1.36. Қызмет көрсету мерзімі бойы жалға берілетін жабдықтың пайдаланылуын бақылау, Компания мүдделерін ұсыну, анықталған сәйкессіздіктерге жедел әрекет ету және оларды жою үшін уәкілеттік берілген, жеткілікті біліктілігі бар жоғары білікті маманды/инженер-технологты/бұрғылау (қашау) инженері тағайындау;

4.1.37. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.38. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушының қызметтерді көрсету процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

4.1.39. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

## 4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.





- 4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уактылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;
- 4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.
- 4.2.4. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.
- 4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;
- 4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының)  $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.
- 4.2.7. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

#### 4.3. Тапсырыс берушінің:

- 4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.
- 4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.
- 4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.
- 4.3.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтару.

#### 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

- 4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.
- 4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.
- 4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.
- Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.
- 4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.
- 4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.
- 4.4.6. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою жөніндегі өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаған жағдайда, бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуді толық немесе ішінара тоқтату туралы жазбаша ұйғарым беруге;
- 4.4.7. Орындаушы қызметтерді осы Шарттан жұмыс нәтижесін нашарлатқан ауытқулармен немесе оны Шартта көзделген пайдалану не әдеттегі пайдалануға жарамсыздығы үшін жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен көрсеткен жағдайларда өз таңдауы бойынша:
- \* орындаушыдан орынды мерзімде кемшіліктерді өтеусіз жоюды талап етуге;
  - \* орындаушыдан қызмет құнын мөлшерлес кемітуді талап етуге;
  - \* кемшіліктерді өз күштерімен жою немесе кемшіліктерді жою шығыстарын Орындаушыға жатқыза отырып, оларды жою үшін үшінші тұлғаны тартуға.
- 4.4.8. Егер көрсетілетін қызметтің осы Шарттың талаптарынан ауытқуы немесе көрсетілетін қызметтер нәтижесінің өзге де кемшіліктері Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жойылмаса не Елеулі және жойылмайтын болып табылса, Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан бас тартуға және келтірілген залалдың өтелуін талап етуге;
- 4.4.9. Орындаушының қызметтерді көрсету үшін қажетті материалдарды (тауарларды) сатып алу шарттарын орындауын, оның ішінде жергілікті қамту бойынша есепті тексеру кезінде бақылауға.

#### 5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша





(жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Орындаушы 3 (үш) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушымен мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 15 (он бес) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Қызметтің сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Қызметтің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күндері ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Қызмет нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Орындаушы, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға түзете алмайтын кемшіліктер, ақаулар (кемшіліктер) анықталған жағдайда Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы.

## **6. Кепілдіктер және Сапа**

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 айға белгіленген кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердегі ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 15 (он бес) ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Қызметтердегі жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Қызметтердегі ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Орындаушы көтереді.

6.4. Егер Қызметтердегі ақауларды жою бойынша кідіріс Орындаушының кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

## **7. Тараптардың жауапкершілігі**

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті. Орындаушының қызмет көрсету мерзімдерін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын Тапсырыс беруші міндеттемені нақты орындаған күнге дейін алады.

7.2.2. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін көрсетілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған жалпы қызметтер құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1%, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.6. Шарттың 4.1.8-тармағында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда. Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау - беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.7. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) егер Шарттың №5 қосымшасында тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері көзделмесе, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін шарттың жалпы құнынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық





айыбы түрінде жауапты болады, бірақ шарттың жалпы құнының 10% - дан аспайды.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.4. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.5. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шартта, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі ақшадан кез келген соманы, оның ішінде төленген авансты біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Ұстап қалу үшін мыналар: шарттық міндеттемелердің орындалмауын/тиісінше орындалмауын; шарттар бойынша міндеттемелердің орындалу кестелерінің бұзылуын растайтын құжаттар негіз болып табылады; есептелген айыппұлдар, өсімпұлдар және өзге де тұрақсыздық айыптарын; шарттар бойынша өзара есептесулер жүргізуге растайтын құжаттар негіз болып табылады.

7.6. Құрал-сайман немесе жабдық жоғалған жағдайда, ұңғыда қалған мүліктің құнын өтеу оқиғаны тергеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Тараптардың кінә дәрежесі «Oil Services Company» ЖШС (Тапсырыс беруші), Орындаушы және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Бас тапсырыс беруші) өкілдерінің қатысуымен жасалатын үшжақты тергеу актісі негізінде анықталады. Орындаушының үшжақты тергеу актісіне қол қойудан бас тартуы айыппұл санкцияларын қолданбауға негіз болып табылмайды.

7.7. Егер Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың 4.1.3-тармағында белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, онда Шарт өзінің қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші Орындаушыны таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін ақпарат жіберіледі.

7.8. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.9. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.9.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.9.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың орындалуды қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ шарттың орындалуды қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

7.9.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға кідірткен сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.9.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.10. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.11. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.12. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.13. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық





толық сомада өтелуге тиіс.

7.14. Өткізу және объектішілік режим, Денсаулық, еңбек, Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғау талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Шарттың №5 Қосымшада айқындалған айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

7.15. Орындаушы және оның бірлесіп орындаушылары жол берген азаматтар мен шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілік жағдайлары үшін Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

### 8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімшөл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай ауытқуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

8.8. Орындаушы мен оның бірлесіп орындаушылары Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген залалды толық өтей отырып, Тапсырыс беруші Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы.

8.9. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

### 9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

